

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауының орындалуын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 28 ақпандағы N 39-ө-1
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауының (бұдан әрі - Жолдау) ережелерін бұлжытпай және уақтылы орындау мақсатында:

1 . М ы н а л а р :

ай сайын айдың соңғы сәрсенбісінде Жолдауды іске асыру мәселелері Премьер-Министрде өтетін кеңестерде қаралады;

ай сайын айдың әрбір екінші сәрсенбісінде Жолдауды іске асыру мәселелері Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысында өтетін кеңестерде қаралады;

апта сайынғы бақылауды қамтамасыз ету үшін қосымшаға сәйкес құрамда Жұмыс тобы құрылады деп белгіленсін. Жұмыс тобы Жолдау ережелерін орындаудың жай-күйінің апта сайынғы мониторингін, оны іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының және Жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесін қамтамасыз етсін;

Жолдау ережелерін іске асыру мәселелері тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қаралады деп белгіленсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары:

Жұмыс тобының талап етуі бойынша бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды ұсынсын;

Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен кеңестің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 01-7.3 хаттамасын ескере отырып, Жолдаудың орындалуын бақылауды ұйымдастыруды осылайша қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 8 а қ п а н д а ғ ы

N 3 9 - ө - 1 ө к і м і н е

қосымша

Жұмыс тобының ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрам толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 2005.03.30. N 69 өкімімен.

Смағұлов Қайрат Молдрахманұлы орынбасары, жетекші	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының
Тоқаев Ақбар Қуанышбайұлы бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Жиынтық талдау
Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы даму бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени
Котенко Наталья Леонидовна бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Экономика
Райымбеков Сайлаухан Ғазизұлы бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өңірлік даму
Пепенин Анатолий Сергеевич бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Кадр жұмысы
Ермекбаев Қуаныш Ермекбайұлы меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің
Шынәлиев Ғазиз Қоршабекұлы меңгерушісінің орынбасары	- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі
Шитиков Валерий Геннадьевич бақылау секторының меңгерушісі, хатшы	- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі
Әкімбеков Назымбек Қыздарбекұлы бөлімінің меңгерушісі	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Қорғаныс және құқық тәртібі

Егімбаева	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Жанна Дачеровна	Кеңсесі Заң бөлімінің меңгерушісі
Камалдинов	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Ақылбек Әбсәтұлы	Кеңсесі Сыртқы байланыстар бөлімінің
меңгерушісі	
Хамзин	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Қазбек Ғизатұлы	Кеңсесі Жиынтық талдау бөлімінің сектор
меңгерушісі	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК